Әділет

## Оңтүстік Қазақстан облысының жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 25 маусымдағы N 31/318-IV Шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 12 шілдедегі N 254 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 2 тамызда N 2034 тіркелді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес, тиісті аумақтардағы тұрғындардың пікірлерін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам, Түлкібас аудандары мәслихаттары мен әкімдіктерінің ұсыныстары бойынша, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктері:

Сайрам ауданы бойынша:

Көлкент ауылдық округінің Пахтазарибдар ауылы – Қосбұлақ ауылы болып;

Қайнарбұлақ ауылдық округінің Көмешбұлақ-2 ауылы - Қасымбек датқа ауылы болып;

Түлкібас ауданы бойынша:

Балықты ауылдық округінің Калинин ауылы – Көкбұлақ ауылы болып қайта аталсын.

2. Осы бірлескен шешім және қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі* *А.Мырзахметов*

*Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы* *Р.Тәңірбергенов*

*Облыстық мәслихат хатшысы* *Ә.Досболов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК